

BLACKBERRY ЖЕЛІЛІК ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ СТАНДАРТТАРЫ

BlackBerry компаниясы BBM Channels сияқты желілік қауымдастықтары мен қызметтерінің қызығушылықтары бірдей адамдармен ойларын және мәліметтерін бөлісу мүмкіндігін беретін қызықты және қауіпсіз орын болуын қалайды. Пайдаланушыларымыз үшін қонақжай ортаны қамтамасыз ету үшін пайдаланушы әрекеттестігінің мына стандарттарға сәйкес келетін түрде жүзеге асуы маңызды:

1. **Құрметте.** Жамандама, балағаттама, түршіктірме, қорқытпа, қудалама, қауіп төндіріме, зиян келтірме немесе өзге жолмен адамдардың заңды құқықтарын бұзба (мысалы, құпиялылық және жариялық құқықтары және келісім-шарт немесе зияткерлік меншік құқықтары);
2. **Сыпайы бол.** Кез келген ретсіз, дөрекі, құқық бұзушы, әдепсіз, ұят немесе заңсыз тақырыпты, атауды, материалды немесе мәліметтерді жариялама, орналастырма, жүктеме, үлестірме немесе таратпа;
3. **Заңды сақта.** Қолданылатын заңдарды немесе талаптарды бұзба немесе шпиондық бағдарламаны, зиянды бағдарламаны, вирустарды немесе қызмет жұмысын бұзуы немесе адамдарға зиян келтіруі мүмкін кез келген нәрсені орналастырма немесе берме;
4. **Шынайы бол.** Жеке тұлғаны немесе заңды тұлғаны еліктеме немесе жеке тұлғамен немесе заңды тұлғамен еншілестік жөнінде жалған мәлімдеме берме немесе өзге жалған түрде көрсетпе немесе өзгелерді шатастыру немесе нәтижесінде өзгелерге күтпеген, алдамшы немесе әділсіз түрде ықпалы орын алатын жалған жеке тұлғаны жасама; және
5. **Тиісті бол.** Өзгелерге қайталанатын жазбалар немесе бірнеше ұқсас жазба қосып немесе талқылауға қатысы жоқ мазмұнды орналастырып, олардың рұқсатынсыз “спам” немесе сұрау жіберме.

Стандарттарымыз пайдаланушыларымыз үшін қызықты, құнды, шығармашыл және ең маңыздысы, көңілді сезімін беру мақсатымызды ілгерілетуге арналған.